Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Жорабек Жұлдыз Гайфуркызының «8D02204 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Постисламизм. Саяси ислам эволюциясы» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Жорабек Жұлдыз Гайфуркызының «Постисламизм. Саяси ислам эволюциясы» тақырыбындағы диссертация жұмысы бүгінгі әлемдегі жаһандану және модернизация үрдістері мен үдерістері заманында, діннің, соның ішінде, ең алдымен исламның әлемдік геосаясатқа белсенді тартылуына байланысты заманауи өзекті мәселелердің қатарына жатқызуға болады.

Ғасырлар тоғысында, жаңа мыңжылдық бастауында адамзат өркениетінің қандай бағытта, қалай дамитындығы туралы ойлар, жаңа бағыттағы парадигмалар қалыптаса бастады, осындай парадигмалар қатарында көптеген «пост» идеяларға негізделген концептер футурологияда, әртүрлі ғылыми бағыттарда қалыптаса бастады: Деррида, Лиотар, Фуконың постмодернизм идеясы, Фукуяма мен Бодриярдың посттарихы, Хабермастың постсекуляризмы. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік саяси аренаға шыққан ислам зерттеушілері де осы мәселе төңірегінде, ислам өркениетінің болашағы, даму үдерістеріне қатысты зерттеулер жүргізді және де бұл зерттеулер ислам доктринасын жетілдіру бағытынан гөрі саяси жағына, исламизм, саяси ислам мәселелеріне басымдық берілді. Осы идеяның жалғасы ретінде постисламизм концепты қалыптасты, бірақ оның исламизмнен ерекшелігі одан кең ауқымды болып, исламды тек билікке ұмтылатын саяси идеология емес, азаматтық қоғам негізінде жүзеге асатын моральдық-этикалық жүйе, жоба ретінде қарастыруында болды.

Докторант Жорабек Жұлдыз диссертациялық жұмысында бұл мәселені жан жақты зерттеп, постисламизмнің батыс және мұсылман зертеушілерінің еңбектерін, отандық зерттеулерді негізге ала отырып талдайды. Диссертациялық жұмыста ең алдымен, осы бағыттың бастауында тұрған Асеф Баят пен Оливье Руаның «постисламизм» теориясы, Бассам Тиби, Тарик Рамадан, Хуснул Амин, Ахмад Фарук Муса, Ихсан Йылмаз, Алексей Малашенко зерттеулері, заманауи желілік қоғам мен цифрлық трансформация концепциялары негізге алынған.

Диссертацияның бірінші тарауы исламизм, саяси ислам түсінігі, даму кезеңдері, исламизмнің трансформациясына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларына назар аударылған.

Диссертацияның екінші тарауы исламизмнен постисламизмге өтудің алғышарттары, постисламизм парадигмасының қалыптасуы, идеологиялық және институционалдық ерекшеліктері зерделенген.

Диссертацияның үшінші тарауы қазіргі заманауи постисламистік үрдістер мен когнитивтік трансформациялар аймақтық кейстерге талдау жасау арқылы жан жақты көрсетілген. Аймақтық кейстер ретінде бүгінгі күні әлемдік геосаясаттың мұсылман елдеріндегі ең белсенді акторлардың бірі ретінде Иран мен Турцияны постисламизмнің әртүрлі айқындалуының көрінісі ретінде салыстырмалы талдау жасалған.

Диссертациядағы ғылыми нәтижелер зерттеу мәселесінің жан-жақты жүйелі талдауымен, тұжырымдардың негізділігімен, қорытындылардың зерттеу мазмұнымен байланыстығымен айқындалады. Диссертацияда келтірілген ғылыми нәтижелер мен қорытындылар зерттеу мақсатына сәйкес әрі ғылыми тұрғыдан дәйекті.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы постисламизмді жаһандық діни-саяси феномен ретінде кешенді және аймақтық кейстерге салыстырмалы талдау нәтижесінде жүйелі тұрғыдан зерделеп, қазақстандық исламтанулық зерттеулер аясында алғаш рет ғылыми айналымға енгізуінде деп ерекше атап өтуге толық негіз бар.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы Қазақстандағы постисламизм көріністерінің еліміздегі діни жағдайға әсерін айқындауда мемлекеттік бағдарламаларда, исламтану, дінтану, саясаттану оқу бағдарламаларында ғылыми нәтижелерді қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Диссертациялық жұмыс әртүрлі деңгейде отандық және шетелдік конференцияларда, ғылыми семинарларда, ғылыми жариялымдарда, соның ішінде Скопус, ККСОНда апробациядан өткен.

Қорытындылай келе, дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Жорабек Жұлдыз Гайфуркызының «Постисламизм. Саяси ислам эволюциясы» тақырыбындағы диссертациясы заманауи өзекті мәселеге арналған, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, жоғарғы ғылыми деңгейде орындалған жұмыс болып есептелінеді. Диссертациялық жұмыс құрылымы мен мазмұны жағынан «8D02204 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жорабек Жұлдыз Гайфуркызы аталған білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
философия және саясаттану факультеті,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының
профессоры, филос. ғ. д. **Байтенова Н.Ж.**

РАСТАЙМЫН
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«01» 08 2024 ж./г.